

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

XFTAP 17.09.91

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.17>

М. АРСЛАН¹ 

*Д.С. ЖАЛЕЛОВ² 

Памуккале университеті, Денизли, Түркия¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан²

(e-mail: marслан@pau.edu.tr¹, daulet.zhalelov1994@mail.ru²)

ШАЛКИІЗ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ ЖАУЫНГЕРЛІК РУХ

Аңдатпа. Жыраулар поэзиясы уақыт өткен сайын маңызы мен құндылығы артуда. Тереңдеген сайын санаңда ойлар жаңғырып, тың жаңалықтармен толығады. Шығармашылығындағы синкреттілік пен ой сабақтастығы уақытпен бірге жанданады.

Зерттеу мақалада Шалкиіз Тіленшіұлының толғауларындағы жауынгерлік рухтың көрінісі, уақытпен сабақтастығы, сан қырлылығы қарастырылады. Толғаулардың өн бойында кездесетін сөздерге жан-жақты талдаулар жасалып, әдеби тұрғыдан бірнеше бөліктерге бөлінеді. Жауынгерлік рухтың көрінісі және толғаудағы сипаты мен мәні анықталады. Зерттеу мақалада басқа да халықтардың әдебиетіндегі жауынгерлік рухпен байланысы да тақырыптың кеңінен ашылуы үшін қолданылады. Жыраулар арасындағы ой мен тақырып үндестігі де баяндалады. Жауынгерлік рух байқалатын толғауларға әдеби талдаулар мен салыстырулар жасалады. Шалкиіз шығармашылығындағы ерекшелік те сөз қолданысындағы туралық пен нақтылық та сөзге тиек болады. Жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік рухтың көрінісі мен толғаулардағы қаһармандар бейнесі кеңінен талданады. Толғаудағы кейіпкерлер мен автордың азаматтық көзқарасы басшылыққа алынады. Толғауларындағы синкреттілік, оның ішінде жауынгерлік, батырлық, қайсарлық туралы айтылатын үзінділердің түпкі өзекті мағынасы анықталып, ғалымдардың пікірімен дәлелденеді. Жалпы алғанда, жыраулардың сан қырлы өнері мен жауынгерлік кезеңде жауынгерлік рухты қалыптасыруда атқарған еңбектерін зерттеп, түсіну құнды.

Түйін сөздер: Шалкиіз жырау, жауынгер, рух, жаугер, жорық жыршысы, жыраулар поэзиясы, хандық дәуір әдебиеті.

Кіріспе. Шалкиіз жырау толғауларындағы сарын мен жыраудың тұлғалық қасиетіндегі синкреттілік, жыраудың барлық болмысын ашады. Біз қарастырғалы отырған жауынгерлік рух Шалкиіздің біздің заманымызға жеткен шығармашылығынан айқын байқалады. Жыраудың «Алаштан байтақ озбаса...», «Жебелей жебе жүгірген...», «Жапырағы жасыл жаутерек...», «Би Темірге

бірінші толғау», «Туырлықсыз қара үйге», «Жауынды күні көп жүрме...», «Ор, ор қоян, ор қоян...», «Көктеп мінген еріңнің...» сынды толғауларындағы жауынгерлік рух пен қайсар мінез толғау тармақтарының әр бөлігін нығыздап тұр. Қазақ пен ноғайға ортақ тұлғаның шығармашылығы да өмір жолы да екі жұртпен тікелей байланысты. Жырау толғауларынан айқын байқалатын тұс – оның мағына жағынан біртұтас келуі. Шалкиіз толғауларына негіз болған мәселелер – елдік, ерлік, азаттық, жаугерлік және тіршіліктің басқа да көріністері. «Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шалкиізді қазақтың барлық жырауының атасы деуге болады» [1, 55]. Жырау толғауларында кездесетін негізгі тұлғалар: Шалкиіздің өзі, Темір, Арық хан, Мансұр, Азике. Жырау ешқандай билік өкілдерін шамадан тыс мадақтап, әсірелеп көрсетпей, ақиқатты айтқан. Бізге жеткен толғаулары аз болса да, мағына мен мазмұны жағынан жүйелі. Жастық шағы Ноғай ордасының тізгінін ұстаған Мұса бидің жанында өтті. Содан кейін атақты Би Темірдің жанынан табылғаны белгілі. Зерттеушілер қазақтың ханы Хақназардың жанында да өмір сүріп, өзінің ақыл-кеңесін айтқанын баяндайды. Қазақ толғауларының өрнегі мен көркемдігін байытқан жырау. Мұрасы ХІХ ғасырдан бастап қағаз бетіне түсті.

Шалкиіз Тіленшіұлы бойындағы батырлық, қайсарлық және жауынгерлік рух – жыраудың толғауларынан айқын байқалып, шығармашылығының салмағын арттырып тұр.

Жырау шығармашылығындағы жауынгерлік рух, толғау сипатын да, мәнін де өзге арнаға құбылтады. Түрік батырларының бойындағы жауынгерлік пен рухтың қосындысы тарихта көптеп айтылады. Санамалап көрсек:

- Жауынгер – қайсарлық пен қайраттың сипаты;
- Жауынгер – мінез бен шынайылықтың бейнесі;
- Жауынгер – бауырмалдық пен қайтпас жігердің тоғысқан тұсы;
- Рух – іс-әрекеттің ең жоғары нәтижесі;
- Рух – материалдық санадан жоғары ардың жемісі;
- Рух – намыс пен адамдықтың түйіскен тұсы.

Осы екі ұғымнан жауынгерлік рухтың көрінісі туындайды. Қазақтың әр азаматының бойында жоғарыдағы біз айтқан қасиет қалыптасқан. Санамалап көрсеткен анықтаманың қызмет ететін тұсы тұлғалардың іс-әрекетінде. Шалкиіз Тіленшіұлының бойында жауынгерлік рухтың болуы да заңдылық. Би Темір билігінің шырақшысына айналған жыраудың келелі кеңесте шешіліп сөйлеп, жаугерлік тұста қолына алдаспанын алып топ бастау тұлғаның жан-жақты кемеденуі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ғылыми зерттеу мақаламыздың нысаны етіп Шалкиіз Тіленшіұлының толғаулары негіз етіп алынды. Шалкиіз толғаулары тарихи тұрғыдан да мәні мен мағына жағынан да ауқымды еңбек жиынтығы. Шалкиіз толғауларында өз заманының кемшіл және өтімді тұстарын нығыздап, турасын айтқан. Толғаулар арқылы тарихи деректер мен

өмір сүрген тұлғалардың іс-әрекетін анықтаймыз. Шалкиіз жыраудың әдеби мұрасы мен өмірбаянына кеңінен тоқталып, әдеби талдаулар келтірген зерттеушілер: М. Мағауин, С. Қасқабасов, Х. Сүйіншәлиев, Е. Тұрсынов, С. Негимов, А. Әлтай т.б. Зерттеу мақаланы жазу барысында әдеби және поэтикалық тұрғыдан талдау мен салыстыру әдіс-тәсілдері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Шалкиіз Тіленшіұлы шығармашылығы сан қырлы. Толғауларының негізгі сипаты – шынайылық пен асқақтыққа құрылған. Шалкиіз – жырау, қолбасшы, жаугерлік кезеңнің көшбасшысы, жорық жыршысы. Мұраларындағы жауынгерлік рухтың көрсеткіші, жыраудың бет-бейнесімен сабақтасып жатыр.

Рух – қасиетті ұғым. «Рух абсолютті мағынада ашылады» деп пікір білдірген Гегель, кез келген адам рух арқылы өзін байлаған шектеуден өтіп, жалпылыққа ауыса алтандығын айтады [2, 24]. Руханиятты рухы жоғары кемелденген тұлғалар құрайды. Әлемді дамытып рухтандыратын, әлеуметтік ортаны бір негізге шоғырландыра алатын оң нәтижелі күш, шынымен феномен [3, 67]. Біз қарастыратын шығармашылықтың, дүниетаным мен рухани ойдың ішкі байланысын жалпы іс-әрекет бейнесінен анықтауды қолдайтын пікірлер де бар [4, 129].

Жыраулар бойындағы асқақтық пен жауынгерлік рух сақ пен ғұннан келе жатқан алтын өзек. XV-XVIII ғасырды алып жатқан хандық дәуір кезеңінің қай тұлғасын алсаңыз да рухани жағынан кемелденіп толысқан. Жауынгердің атқаратын ісі халықтың бақытты да баянды өмір сүруін қадағалайды. Қай заманда болмасын негізгі позициясы тыныштықты сақтау, елін қорғау. Серікбол Қондыбайдың «Жауынгерлік рух» кітабында: «Қазақ батырлары тек әскери кәсіппен айналысқан. Әскери қызмет – олардың қоғамдық функциясы, солардың монополиясы еді. ...Соғыс кезінде Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың қонысын, жерін кеңейту, жау қолында, тұтқында жүргендерді азат ету, жау қолында өлгендердің ата кегін қайыру сияқты мақсаттармен жүргізілетін [5, 129]. Жыраулардың бойынан да осы аталмыш көрініс алдыңғы қатарға шығады. Қазақ батырларына лайықты жауынгерлік мінез танытқан.

Шалкиіз жыраудың «Жебелей жебе жүгірген» атты толғауындағы жауынгерлік рухтың көрінісі ерекше. Бізге жеткен осы толғау өте қысқа болса да мәні мен маңызы терең. Толғауда түрік баласы үшін оның ішінде жауынгердің ең басты қорғандарына айналған тұлпар, сауыт, алдаспан жайлы баяндайды. Жауынгердің жаугерлік заманда басты күші осы үш таған. Астында – тұлпары, үстінде – сауыты, қолында – алдаспаны бар жауынгер алынбас қамал іспетті.

Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма;
Жағаласса, жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма;

Дулығалы бас кескен

Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма? [6, 28].

Толғаудағы ой мен сөз қолданыстары түркілік сарынмен жанасады. Арғымағы астында, сауыты мен алдаспаны сайланған жауынгердің келбеті көз алдымызға келеді. Кез келген адам осындай рухты сөзді өз бойынан өткізбей айта алмайды. Шалкиіздің әрі жырау, әрі жаугершілік кезеңнің қақ ортасында жүрген жорық жыршысы екеніне шығармашылығы дәлел болады. Жыраудың «Бұз үстіне от жаққан...» деп басталатын толғауы бар. Толғаудағы тік мінез бен жасымайтын жігер айқын көрінеді:

Бұз үстіне от жаққан,
Бұзмай бұлан пісірген.
Мен иемнің бөрлі ала тасы едім.
Иә, ием, сенің сырың мен білем,
Менің ием би Темірдің әрі өзім
Жау көрген күн жүрегiнiң басы едім,
Көз үстiнде қасы едім!.. [6, 36].

Толғаудағы негізгі мән мен мағына жаугерлік тұсындағы жыраудың би Темірдің беделін асқақтататып көрсетуі. Би Темірдің абыройын көтеру арқылы жырау өзінің тұлғалық қасиетінің жоғары екендігінен де хабар береді. Тарихи деректерге сүйенсек, би Темірге арнайы қаратыла айтқан екі толғауы біздің ұрпақ қолына жеткен. Бұл толғауда Темірдің жанына жүргендігі жайлы ғана айтылады. Негізгі бағыт өзін жалпақ жұртқа таныстыру. Осы толғаумен үндес қазақ пен ноғайға ортақ Қазтуған жырауда да бар:

Буыршынның жалғыз қырқар азуы,
Бөкеннің желіп өтер төрт саны,
Бұғының ауыр қара мүйізі,
Бидайықтың жалғыз соғары,
Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ Орданың тіреу сырығы [6, 22],
Қарт бурадай тіздеген –
Мен Қарғабойлы Қазтуған,
Қайғыланып асып барамын
Ноғайлы-қазақ елімнен! [6, 22].

Қазтуғанның бойындағы жігер мен асқақтық Шалкиіздің толғауында да өміршеңдігін көрсеткен. Өзін мастанып мадақтағаны емес, таныстыру толғауы іспетті.

Хандық тұсында Шалкиіз сынды жыраулар тобы, әдебиет өкілдері сол кезеңнің өркендеуіне ықпал жасады. Арғысы сақ пен ғұннан бастау алып, түрік қағанатында күшіне енген жауынгерлік рух, жыраулар кезеңінде өзгеше бір түр сипатқа енді. Академик С. Қасқабасов: «Жалпы, қазақ жырауларының тегі тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты заманын

меңзейді. Әйгілі Иолығтегіннің жазбалары оның Күлтегін, Білге қаған мен Тонкөк уақытында елдің бірлігін көксеріп, бақ пен қоғамның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, ожан бертіңдегі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға (Ұлық жыршы), Алтын Орда кезеңіндегі Сыпыра – бұлардың бәрі XV- XVI ғасырларда тарихи аренаға шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді» [7, 201]. Жыраулар – хан мен халықтың арасына көпір бола отырып, ел іргесін нығайтты. Жыраулар – ұрыс алдында әскер мен халыққа жігер берді. Толғаулары арқылы жүректеріне күш ұялатты. «Жыраулар – хан сарайындағы көреген саясаткер, ханрның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологы, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді» [7, 201]. Шалкиіз Тіленшіұлы жоғарыда аталған жыраулық дәстүрдің негізін салушылардың бірі. Хандық биліктің күші және халықтың қорғаны. Өнері мен жиғаны сол кезеңнің игілігіне қызмет етті. Заманы мен өткенін сабақтастыра, салыстыра отырып ел мен хандық билікті бір ізге, бір мүддеге жұмылдыра алды. Пәлсапалық және жауынгерлік рухта жазылған толғаулар халықтың дүниетанымын арттырып, келешекке деген үмітін жаңғыртты. Сонымен қатар, Шалкиіз Тіленшіұлы шығармашылығында билік өкілдерінің абыройын асқақтату мен кемшіл тұстарын да именбей айту бар. Істеген жұмыстарының кемшіліктерін бетке басу емес, алдағы уақытта олқылығы болса орнын толтырып, әділдік жолынан айнымауға үндеген. Шалкиіз жыраудың би Темірге арналған толғауында Темірді жырлай отырып, басшыға үміт артқан халықтың жауынгерлік рухын айтқан:

Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым өзіңсің,
Жазылы, алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсің!
Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан Қағбамсың!
Алтыңды кесе сары бал
Алсам мен саған ұсынармын,
Тал мойныма қол артсаң,
Күліктен бек ұнармын.
Көбең семіз торыңмын
Көп құлыңның бірімін [6, 30].

Бұл үзіндіден байқағанымыздай би Темірдің бойындағы ұнамды қасиеттерді үзіндіге арқау етіп, абыройын асқақтатады. Би Темірдің бойындағы жауынгерлік рухты шымыр ұйқастың тізбегіне салып, қалың көпшілікке жеткізеді. Жалпы Шалкиіздің шығармашылығы басқа жыраулардан қарағанда біздің заманымызға көптеп жеткен. Толғаулары орыс тіліне аударылған алғашқы жыраулардың қатарында. Шығармашылығы лирикалық және

эпикалық сипатта тараған. Лирикалық сарынға жататын шығармашылығының бір бөлігі адамның қасиеттері және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа бағытталған. Ал эпикалық бөлігі өзінің және кейіпкерлердің жауынгерлік рухының көрінісі хақында. Толғаулардың ішкі мазмұнындағы қаһармандық мән мен ішкі ой толғамдарындағы мағына түркілік көне сарынмен үндеседі. Жыраудың мәртебесі биіктеп би Темірдің маңында жүрген кездегі шығарылған толғауларының басым көпшілігі батырлық тақырыбына бағытталған, дені басшысын мадақтауға, халыққа танытуға арналған. Дегенмен, Шалкиіз өмірінің көлеңкелі тұстары да бар. Атап айтсақ, хан ордасынан қуылып, қуғындыққа ұшырап жападан жалғыз ғұмыр кешкен кездері де болған. Әйтсе де, тұлғалық қасиетіндегі өр мінез бен жауынгерлік рухты өлтірмеген:

Мынау жалған дүние

Кімдерден кейін қалмаған?! [7, 215] – деп өз толғамын жасаған. Шалкиіз қиындыққа мойымайды, қайта өз-өзін шыңдап оятады.

Батыр болмақ сойдан-дүр,

Жалаңаш барып жауға ти.

Тәңірі өзі біледі

Ажалымыз қайдан-дүр [7, 214].

Бұл жерде өлімнен сескенбейтін, жауынан жасқанбайтын жауынгердің бейнесі көрініп тұр. Жанын жаратқанға тапсырып, ел үмітін арқалаған адамның образы бейнеленген. Шалкиіздің ақындық қабілеті жігері жасымайтын нағыз батырдың келбетін көрсеткен.

Қазақтың жауынгерлік тарихы бағзы замандардан бастау алады. Жауынгерлік кезең басқа да халықтар тарихында кездеседі. Жауынгерлерге тән мінез бен сипат әр халықтың өмір сүру салтына қарай бейімделген. Яғни осыдан жауынгерлік кодекс қалыптасады. Серікбол Қондыбайдың «Жауынгерлік рух» еңбегінде батыс еуропалық «рыцарь» немесе жапон самурайларының өздеріне тән заңдылықтары бар екенін айтады. Еуропалық рыцарьлық тарихына қысқаша шолу жасап көрсек. «Рыцарь – немістің «риттер» (ritter-«салт атты, всадник») деген сөзінің орыс тілінде бұрмаланып айтылуынан қалыптасқан сөз. Рыцарь – орта ғасырларда Батыс және Орталық Европа елдеріндегі ауыр қаруланған жауынгердің – феодалдың атауы [5, 119]. Жапон самурайлары және еуропалық рыцарьларды зерттей келе қазақ тарихындағы жауынгерлік кодексті ашып көрсетеді.

Серікбол Қондыбай аталмыш еңбегінде «сыпайышылық-рыцарлық» атауын бір бөлік етіп қалыптастырады. «Сыйпайышылық» ұғымының қазақ жануынгерлік мәдениетінде бар екендігін баяндайды. «Сыпай» сөзін жауынгер ұғымымен байланыстыра келіп, сыпайышылықтың тікелей мағынасы – жауынгерлік әскери өмір салты деп түсіндіреді. «Сыпайышылық» ұғымын тарқата келе қазақ хандығы тұсынан XIV-XVI ғасырды алып қарастырады. «Сыпайышылық кодекс –расында да жазылмаған жауынгер заңы, сондықтан

оның ережелерін дәл қалпына келтіру мүмкін емес. Дегенмен, оның кейбір сарқындарынан, қазақтың фольклорынан, ең алдымен, батырлық жырлары мен XV-XIX ғасырдағы жауынгер ақындардың туындыларынан тауып, аздап та болса негізгі қаңқасын жасауға болады» [5, 123]. Тарқата келе, жауынгерлік рухтың тағы бір көрінісін Шалкиіз толғауымен сабақтайды:

Күлікке тастай болып тимесе,
Үстіме көбе кимен-ді.
Күмістен екі қолтық жоқ болса,
Сыпайышылық сүрмен-ді.
Алғаным ару болмаса
Алдыма алып сүймен-ді.
Туған айдай болмаса
Батыршылық сүрмен-ді [8, 45].

Толғауда жырау өзінің бойындағы рухты біліп, сезініп сөйлеп отыр. Жауынгерлік серілік ұғымының сыпайышылық формасында берілуі. Серікбол Қондыбай сыпайышылық әскери серіліктің бір бөлігі деп қалыптастырады. Ғалым сөзін сабақтай келе «Рыцарь» атқаратын қызметтерді санамалап көрсетеді.

«Рыцарь үшін:

1. Жүректілік, шайқас кезіндегі ерлік, батырлық;
2. Өзінің сеньорына деген адалдық;
3. Христиан шіркеуі мен оның қызметшілеріне қорған болу;
4. Рыцарлық кландардың «әлсіз мүшелерін» қорғау сияқты қасиеттер тән болуы міндетті болды;
5. Рыцарьдың жомарттығына аса көңіл берілді: жомарттырақ болған рыцардың дәрежесі үстем болды;
6. Рыцарлық ортада «бикеш культі» деп аталған культ қалыптасты» [5, 131].

Жоғарыда айтылған бөліктер Рыцарь үшін атқаратын басты тұлғалық қасиетіне лайық жұмыстар тобы. Ал, жырау үшін басты талап қандай?!

1. Хан мен халықтың арасын байланыстыратын басты күш;
2. Жауынгерлік әрі кеңесші қасиетін бойына қалыптастырған тұлға;
3. Толғауларында әлеуметтік тақырыптардан қарағанда ұлттық идеология сарыны басым;
4. Асқақтық пен өршіл рухты байланыстырған хандық дәуірдің көрнекті өкілі.

Жоғарыдағы жырауға тән қасиеттер Шалкиізде қалыптасқан қағида. Елдік мұратты өмірлік позициясына айналдырған. Жыраудағы асқақтық, масаттану мен мақтанудан ада көрініс. Әр сөзінде халыққа деген құрмет пен ізгілік бар. «Жырау қай өлеңде болмасын ел мақсатын, көп мүддесін жоғары ұстайды. Ел билеген басшылардың ақылмен іс қылар адал әміршісі боп, жоқ-

жітікке қарасқыш, ізгі ниетті, көпке ұнамды болуын қалайды» [9, 188]. Шалкиіздің ұшқырлығы және ақындығы туралы М. Мағауин: «Шалкиіз – жырау болғанда өлеңмен не қарасөзбен сөйлеу бір қисап, аузын апса болды көмекейінен күмбірлеген жыр төгіле берген жыраудың классикалық үлігісі» [10, 49]. Шалкиіз толғаулары мән мен мағына жағынан үйлесімді. Толғаудағы сыртқы ұйқас пен ішкі мазмұн бірге жанасқан. Кейіпкер қаһармандарды толғауда ерекше формамен ұсынған. Кейіпкерлердің болмысындағы жақсы және жаман қасиеттерін жанамалай емес, толғау жүйесіне салып бүкпесіз жеткізген. «Шалкиіз шығармашылығының басты сипаттарының бірі – жыраудың өмірлік жәйттерді жинақтай суреттеп, философиялық ой түйіндерін ұсынуға да, нақты құбылысты яки қаһарманды даралай бейнелеп, оның өзіндік қасиеттерін айқындай көрсетуге де аса шебер. Сондай-ақ ол қажетті тұстарда аталған тәсілдерді бір-бірімен ұштастыра, бірінен бірін өрістете қолдануға да қабілетті» [11, 71].

Нәтижелер. Зерттеу мақалада Шалкиіз жырау шығармашылығындағы жауынгерлік рухтың көрінісі мен сипаты анықталды. Шалкиіз толғауларындағы өршіл рух басқа да жыраулар поэзиясымен сабақтастыра қарастырылды. Еуропалық рыцарь және жапон самурайларының жауынгерлік қағидалары, өзіне тән ерекшеліктері, жыраулардағы жауынгерлік рухпен салыстырып, әдеби талдаулар жасалды. Жауынгерлік ұғымының жыраулармен біте қайнасқан сөз екеніне дәлелдер көрсетілді. Жауынгер-жыраулардың халықпен тығыз байланыста болғаны туралы жан-жақты баяндалды. Амантай Шәріп: «Жауынгер-жыраулар көптің мұң-мүддесін көксеумен қатар, керек кезінде оған арқа да сүйеді» [12, 65]. Жыраулар мен ақындар поэзиясындағы елдік пен ерлік баян етілетін тұстарда астарлы оймен қатар жауынгерлік, батырлық позиция да қатар жүреді [13, 52]. Нәтижесінде, толғаулардағы жауынгерлік рухтың рухани салмағы мен сипатына ғылыми көзқарастар жасалды. Жыраулар, толғауға бүкіл оқиғаны сыйдыра алды. Толғау арқылы сол заманның ақиқатын, шындығын бүкпесіз айта білді. Жыраулар сөзінің нәрін толғаумен жеткізсе, ақындар термемен жалғастырды. Б.Нұриманов өз зерттеу еңбегінде де толғау мен терменің өзекті тұстарына тоқталып, ғалымдардың пікірімен тұжырымдайды. Әр түрлі тақырыптарды жеткізу үшін де осы жанрлар қолданылғанын айтады [14, 43]. Бұл жерде айтпағымыз, Шалкиіз жырау өмір шындығын да, күллі өмір жолын да толғауында көрсетті.

Зерттеу барысында Шалкиіз толғауларындағы ой мен сөз қолданысының үндес келуі жайлы да айтылады. Жыраудың өзіне тән жауынгерлік іс-әрекеті мен толғауларындағы ерекшеліктер жете зерделенеді.

Тақырыпты кеңінен зерттей келе төмендегідей тұжырым жасадық:

- Жауынгерлік рух – жыраулар поэзиясының басты тақырыптарының бірі және толғаудың басты қайнар көзі;

- Жауынгерлік рух – Шалкиіз толғауларының негізгі идеясы мен мақсатын айқын бағамдап, жыраудың өршіл рухын көрсетудің басты бағыты;

- Жауынгерлік рух – Шалкиіз шығармашылығындағы билік өкілдерінің шынайы бет-бейнесін көрсетудің басты құралы.

Қорытынды. Халқымыздың төл әдебиетінің көрнекті өкілі Шалкиіз Тіленшіұлының әдеби мұрасының синкреттілігі мұнымен тоқтап қалмақ емес. Хан мен халыққа қатар ақыл-кеңесін айтып, тура жол нұсқаған Шалкиіздің шығармашылығы уақыт өткен сайын құндылығы мен мағынасы тереңдей бермек. Жыр-толғауларының бағыты қазақ пен ноғайдың, сол кезеңдегі алыс-жақындағы ағайынның басын біріктіріп еңселі ел болуға бағытталған. Толғаудағы негізгі сарын ертедегі түрік бастауларымен селбесіп жатыр. Үңілген сайын сан қырлы шеберлігі тарих түбінен тысқа шығатыны заңдылық. Біз қарастырған жауынгерлік рух хандық дәуірдің қай батыр, яки жырауын алсаң да тұлғалық қасиетінен сол ұғым кездеседі. Кез келген оқиғаны айтқан кезде өзінің бойынан өткізіп алып халыққа жеткізген. Жыраудың басты арманы мен мақсаты – елдің амандығы мен мәңгілік болашағы. Осы жолда аянбай еңбек ету үшін де жауынгерлік рухтың болуы маңызды әрі үлкен мәнге ие.

Әдебиеттер

1. Мағауин М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын жыраулары. – Алматы: Мектеп, 2003. – 192 б.
2. Гегель Г.В.Ф. Философия духа // Энциклопедия философских наук. Т. 3. – М.: Мысль, 1977. – 345 с.
3. Капышев А.Б., Колчигин С.Ю. Онтология духа. – Алматы: Сага, 2005. – 204 с.
4. Хамидов А.А. Человек и его абсолюты: к архитектонике духовности // Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. Алматы: Сага, 2007. – Б. 128-137.
5. Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. – 240 б.
6. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2008. – 400 б.
7. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014 – 344 б.
8. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
9. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989. – 278 б.
10. Мағауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. – 1960-2002ж. – Алматы: Қағанат-ҒМО баспасы, 2002. – 491 б.
11. Әлтай А. Ақын-жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғғ.). – Астана: Ақжолтай, 2013. – 232 б.
12. Шәріп А. Рух пен рәміз: ментальдік модельдері. – Алматы: ARNA-B 2013. – 168 б.
13. Әлтай А. Шал ақын толғауларындағы философиялық таным және бейнелілік // Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Ғылыми -педагогикалық басылым. Филология сериясы. – №5 (120). – 2017. – Б. 51-56.
14. Nurimanov B, Altay A. Karacaoğlan ve Bukar Kalkamanlı'nın şiirlerinin karşılaştırılması // Millî Folklor. – 2018, Yıl 30, Sayı 117. – P. 41-56. ISSN 2146-8087. DOI: [PdfViewer.aspx \(millifolklor.com\)](https://doi.org/10.26907/2146-8087.2018.117.41-56)

М. АРСЛАН

Университет Памуккале, Денизли, Турция

Д.С. ЖАЛЕЛОВ

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

ВОЕННО-ПАТРИОТИЧЕСКИЙ ПАФОС В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАЛКИИЗА

Аннотация. Поэзия жырау со временем приобретает все большее значение и ценность. Человеческий разум, изучая творчество жырау, наполняется новыми идеями и новыми познаниями. Синкретизм и преемственность мысли возрождаются вместе со временем.

В исследовательской статье рассматривается военно-патриотический пафос, преемственность во времени, многогранность в трудах Шалкииз Тленшиулы. Слова, встречающиеся в тексте толгау, всесторонне проанализированы и разделены на несколько частей (с литературоведческой точки зрения). Определяется проявление военно-патриотического пафоса, его характер и сущность. Описывается гармония мыслей и тем между жырау. В исследовании для полного раскрытия данной темы рассматриваются другие национальные литературы. Производится литературный анализ, сравниваются произведения с военно-патриотической тематикой. Отмечается уникальность работы Шалкииза и точность его словоупотребления. Определяется синкретизм в произведениях, а именно проясняется актуальный смысл отрывков о борьбе, героизме и отваге. В целом, акцентируется внимание на важности изучения и понимания многогранного искусства жырау, их трудов по формированию боевого духа в период войн.

Ключевые слова: Шалкииз жырау, воин, дух, жырау, поэзия жырау, литература ханских времен.

M. ARSLAN

Pamukkale University, Denizli, Turkey

D.S. ZHALELOV

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

FIGHTING SPIRIT IN SHALKIIZ'S WORKS

Annotation. The poetry of the zhyrau grows in importance and value over time. As you go deeper, your mind is filled with new ideas and new knowledge. Syncretism and continuity of thought in his work are revived with time.

The research article discusses the manifestation of fighting spirit, continuity in time, versatility in the works of Shalkyiz Tlenshiuly. The words found in the tolgau

text are comprehensively analyzed and divided into several parts from a literary point of view. The manifestation of the fighting spirit, its nature and essence are determined. In the research article, for a wide disclosure of the topic, the connection with the martial spirit in the literature of other peoples is also used. The harmony of thoughts and themes between the zhyrau is also described. Literary analyses and comparisons are made to the works in which the fighting spirit is appeared. The uniqueness of Schalkis's work and the accuracy of word usage are also noted. The expression of the fighting spirit and the image of the heroes of the struggle in the poetry of zhyrau are deeply analyzed. We were guided by the civil positions of the character of the work and the author. The syncretism in the works is determined, namely, the actual meaning of passages about struggle, heroism and courage is clarified and confirmed by the opinion of scientists. In general, it is important to study and understand the multifaceted art of zhyrau and their work in the formation of a fighting spirit in war time.

Keywords: Shalkiz zhyrau, warrior, spirit, zhyrshysy, zhyrau poetry, literature of the Khanate period.

References

1. Magauin M. Qobyz saryny. XV-XVIII gasyrlarda jasagan qazaq aqyn jyraulary. – Almaty: Mektep, 2003. – 192 b.
2. Gegel G.V.F. Filosofia duha // Ensiklopedia filosofskih nauk. T. 3.– M.: Mysl, 1977. – 345 s.
3. Kapyshev A.B., Kolchigin S.Iu. Ontologia duha. – Almaty: Saga, 2005. – 204 s.
4. Hamidov A.A. Chelovek i ego absoluty: k arhitektonike duhovnosti // Qazirgi zamangy ruhanilyq maselesi. Almaty: Saga, 2007. – B. 128-137.
5. Qondybai S. Jauyngerlik ruh kitabı. – Almaty: Nurly Alem, 2006. – 240 b.
6. Jeti gasyr jyrlaidy. – Almaty: Jazushy, 2008. – 400 b.
7. Qasqabasov S. Tandamaly. – Astana: Foliant, 2014 – 344 b.
8. Bes gasyr jyrlaidy. Eki tomdyq. – Almaty: Jazushy, 1989. – 384 b.
9. Suinshaliev H. VIII-XVIII gasyrlardaǵy qazaq adebieti. – Almaty, 1989. – 278 b.
10. Magauin M. Shygarmalar jinagy. On ush tomdyq. – 1960-2002. – Almaty: Qaganat-FMO baspasy, 2002. – 491 b.
11. Altai A. Aqyn-jyraular poeziasy (XV-XVIII gg.). – Astana: Aqjoltai, 2013. – 232 b.
12. Sharip A. Ruh pen ramız: mentaldik modelderı. – Almaty: ARNA-B 2013. – 168 b.
13. Altai A. Shal aqyn tolǵaularyndagy filosofialyq tanym jane beinelilik // Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy. Gylymi-pedagogikalıq basylym. Filologia seriasy. – №5 (120). – 2017. – B. 51-56.
14. Nurimanov B., Altay A. Karacaoǵlan ve Bukar Kalkamanuli'nin ŗiirlerinin karŗılaŗtırılması // Millı Folklor. – 2018, Yıl 30, Sayı 117. – P. 41-56. ISSN 2146-8087. DOI: [PdfViewer.aspx \(millifolklor.com\)](https://doi.org/10.26907/2146-8087.2018.117.41-56)

Авторлар туралы мәлімет:

Мұстафа Арслан – философия докторы (PhD), Памуккале университетінің профессоры, Денизли, Түркия.

Мустафа Арслан – доктор философии (PhD), профессор университета Памуккале, Денизли, Турция.

Mustafa Arslan – Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Pamukkale University, Denizli, Turkey.

Жалелов Дәулет Серікұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Жалелов Даулет Серикулы – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Zhalelov Daulet Serikuly – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.